

Қазақстан Республикасы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым: ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық аспектілері

Божқараұлы А., Джұмабаева А.К.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья посвящена аспектам международного правового регулирования сотрудничества организации ОБСЕ и Республики Казахстан. В председательство Казахстана ОБСЕ добавляет новизну и актуальность научным исканиям. Авторами рассмотрены основные документы ОБСЕ и Конституционные Законы РК, а также вопросы международного сотрудничества.

This article is devoted to aspects of international legal regulation of cooperation between the organization of OSCE and the Republic of Kazakhstan. The novelty and actuality of scientific work is in the chairmanship of Kazakhstan in the OSCE. Thus there were analyzed the main documents of the OSCE and the Constitutional laws of Kazakhstan, and there were reflected the questions of international cooperation too.

Бәрімізге белгілі Қазақстан Республикасы 2010 жылғы қаңтардың 1-нен бастап ресми түрде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымның (кейін ЕҚЫҰ) төрағалық қызметіне кірісті. Қазақстан мемлекеті ЕҚЫҰ қалыптастырған, халықаралық дәрежеге ие негізгі құндылықтарын бұлжытпай орындап келуде. Дәлірек айтқанда, Қазақстан Республикасы ұйымның қызметін басқарудағы және оны жүргізудегі негізгі қағидалары ретінде сенім, дәстүр, транспаренттік пен төзімділікті (ЕҚЫҰ-ның негізін қалаған құндылықтар мен қағидаларды құрметтеу пен сақтаудың нәтижесінде қалыптасқан) басшылыққа ала отырып, төрағалықтың басты ұстанымдарын айқындады. Қазақстанның бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттердің ішінен бірінші болып төрағалық етуі оның сыртқы саясатты дүниежүзілік стандарттарға сәйкес жүзеге асырудың кепілі болып саналады. Бұл — еліміздің сыртқы саясаты аясында жеткен басты басымдылық.

ЕҚЫҰ-нда төрағалық етуі Қазақстандағы халықаралық қатынастарды дамытудың екінші сатысы ретінде көрініс табады. Қазақстан Республикасы мен ұйымның арасындағы ынтымақтастықты, өзара байланысты айқындау үшін олардың алғашқы қатынастардың қалыптасуынан бастап қабылданған құжаттарды анықтап алу жөн. Бұл ретте Қазақстанның ЕҚЫҰ-ның қызметіндегі бірінші қадамы 1992 жылы өзара ынтымақтастықтың алғаш рет орнығуынан басталады.

1992 жылдың 8-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды Актісіне қол қояды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің бұл Қорытынды Актісі ұйымның жарғылық құжаты болып табылады. Хельсинки Қорытынды Актісі БҰҰ Жарғысы мен 1970 жылы қабылданған Мемлекеттердің достық қарым-қатынастары мен ынтымақтастықтың қағидалары туралы Декларациясында тіркелген жеті негізгі қағидалармен қоса қосымша үш қағидасымен (шекаралық мызғымастық қағидасы, аумақтық тұтастық қағидасы, адамдардың құқықтар мен негізгі міндеттерін құрметтеу қағидасы) толықтырылып, ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттердің өз азаматтарына қатысты және өздерінің араларындағы тәртіптердің негізгі қағидаларын белгіледі. Осы қағидалардың әлемдік маңыздылығына орай олар «Он еуропалық өсиет» деп аталынды. Дүниежүзілік мәнге ие болған бұл принциптерді сол кезде жаңадан пайда болған тәуелсіз Қазақстан қабылдап, халықаралық қоғамдастықтың қатынастарына емін-еркін енуіне қол жеткізді.

БҰҰ-ның мүшесі және ЕҚЫҰ-ның қатысушы-мемлекеті ретінде Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты жүргізуде халықаралық принциптері мен Хельсинки Қорытынды Актісіндегі декларациясында қабылданған қағидаларға сүйенеді. Ондағы шекаралық мызғымастық, аумақтық тұтастық, дауларды бейбіт түрде шешу және ішкі істерге араласпау қағидалары сияқты ұстанымдар бейбіт қоғамды орнатып, қауіпсіздіктің нышанын белгілейді. 1995 жылғы ҚР-ның Конституциясының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады [1]. Бұл мемлекеттің әлемдік қатынастарына енуіне және жалпы адамдық мәселелеріне араласуына, қазіргі замандағы адамзаттың өркендеуіне тікелей қатысуына, әр түрлі саладағы жетістіктеріне қол

жеткізуіне мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстан Хельсинки Қорытынды Актісінде ресми түрде жария еткен қағидаларды мүлтіксіз сақтауды жалғастыруды жөн көреді.

Хельсинки Қорытынды Актісі қатысушы-мемлекеттердің арасындағы экономика, ғылым, техника мен қоршаған орта салаларындағы өзара ынтымақтастықтың мәселелерін белгілейді және оны дамытуды ынталандырады [2]. Осы мақсаттарға жетудің әдістері мен нысандары ретінде ғылыми-техникалық ақпарат көздерімен алмасу, конференциялар мен симпозиумдарды ұйымдастыру, ғылыми қызметкерлер мен мамандармен алмасуы көзделеді. Сондай-ақ ЕҚЫҰ кеңістігінде қауіпсіздікке қатысты сұрақтары кіреді. Бүгінгі таңда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйым әлемдегі қауіпсіздікті, бейбітшілікті сақтаудағы және әр түрлі саладағы ынтымақтастықты құрудағы басты халықаралық механизмі болып есептелінеді. Бұған дәлел ретінде ұйымның айқындалған басты мақсаттары болып саналады: өзара қатынастарды жақсартуды ынталандыру, соның ішінде ұзақ мерзімді бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін тиісті шарт-жағдайларды қалыптастыру; еуропалық қауіпсіздіктің біртұтастығын және қатысушы-мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту сұрағы бойынша өзара қызығушылықтың барын тану; ЕҚЫҰ кеңістігіндегі және бүкіл әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілік сұрақтардың өзара байланысты екенін мойындау және т.б. [3].

Қазақстан Республикасы мүше-мемлекеттер айқындаған ұйымның негізгі мақсат-міндеттері мен қағидаларын және бағыттарын тиісті түрде атқарудың нәтижесінде өзінің төрағалық етуінде халықаралық аясындағы ЕҚЫҰ-ның беделін одан әрі нығайта түседі.

1975 жылы қабылданған Еуропадағы шекараның мызғымастығын дәлелденген, еуропалық континентінде тату көршілік пен ынтымақтастық қағидаларын жария еткен, Шығыс пен Батыс арасындағы диалог пен келіссөздердің тарихи «Хельсинки үрдістін» бастауына негіз салған Хельсинки Қорытынды Актісі әлемдік даму қатынастар тарихында өзінің маңыздылығымен, мүше-мемлекеттерге өзара қатынастарды орнатуда арқау болатын рөлімен мәңгіге қалатын ХХ ғасырдың көрнекті әрі елеулі халықаралық деңгейдегі оқиғасына айналғаны сөзсіз. Сондықтан, өзінің саяси мәні бойынша ол Дүниежүзілік өмір сүрудің Хартиясы деп аталынып кетеді. Ол — бүкіл принциптер мен халықаралық-құқықтық механизмді қалыптастырған іс-құжаты.

Еуропалық қауіпсіздік Хартиясы ЕҚЫҰ-ның қызметін нығайтудағы келесі басты құжаттардың бірі болып саналады. Ол екі жылдан астам уақытқа жалғасқан ұзақ әрі қызу пікірталас пен даулардың нәтижесінде 1999 жылы 19 қарашада Стамбул қаласында өткен ЕҚЫҰ саммитінде қабылданды. Құжаттың мәні қауіпсіздікті, бейбітшілікті нығайтудағы тиісті құралдарды, механизмдерді қолдануды анықтап алуымен ерекшеленеді.

Еуропалық қауіпсіздік Хартиясына қосылған барлық қатысушы-мемлекеттер ұйым алдында туындайтын жаңа қауіп-қатерлерге қарсы тұру позицияларына тоқталады. Заманауи қауіпсіздікке қауіп төндіретін қатер ретінде халықаралық терроризм мен оның түрлері, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі айналымы жатқызылады. Мүше-мемлекеттер ЕҚЫҰ-ның кеңістігінде тұрақтылықты, еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басқа халықаралық ұйымдармен бірге серіктестік пен ынтымақтастықты орнату арқылы қауіпсіздік платформасын орнатуды айқындайды. Ынтымақтасудың нәтижесінде негізделген қауіпсіздік Платформасы атты тікелей құжаттың I-бөлімінің 2-тармағына сәйкес, ЕҚЫҰ-ның қатысушы-мемлекеттері ынтымақтасу субъектілері ретінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның қағидалары мен міндеттерін орындайтын, қауіпсіздік пен сенімді нығайту шаралары бойынша 1999 жылы қабылданған келіссөздер жөніндегі Вена құжатындағы транспаренттік қағидаларына қосылған және т.с.с өзінің бұлжымастығын көрсеткен ұйымдар мен институттарды анықтап, жалпыға бірдей қауіпсіздікті нығайту мәселесінде олармен бірге ынтымақтасады делінген [4]. Бұл ретте бұрынғы посткеңестік мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының ТМД, ШЫҰ және БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдармен тығыз байланыста болуы қарастырылған.

Еуропалық қауіпсіздік Хартиясының 8, 9-тармақтары бойынша кез келген қатысушы-мемлекет қауіпсіздікке қатысты құқығын тең негізде иеленеді, олар қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдісін өздері таңдап алу құқылы және әрбір мүше-мемлекеттің қауіпсіздігі басқа мемлекеттердің қауіпсіздігімен тікелей байланыста болады [5]. Халықаралық бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының бірден-бір мемлекеті екені қоғамдастықтың барша мүшелеріне белгілі. Қазақстан Республикасы ҚР-ның Конституциясында белгіленгендей, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады [1], ядролық қаруды тарату мен оны қолдануды тоқтату арқылы бейбіт сүйгіш ел атанып, әлемдік қоғамдастықтың сеніміне кіреді. 1999 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасының негізінде Қазақстан Республикасы толық

құқылы мүшесі ретінде қарусыздандыру жөніндегі Конференциясының мүше-мемлекетіне айналды және 1968 жылғы ядролық қаруды таратпау жөнінде Келісім мен 1996 жылғы ядролық сынақтарды болдырмау туралы Келісімге қосылды [6], Семей-Невада полигонын жапты, ядролық қаруды болдырмау, жою жөнінде бірқатар халықаралық құжаттарға қол қойып, ратификациялады.

Биылғы жылы Вашингтон қаласында өткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитінде мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев ядролық қауіпсіздікті алдын алуды қамтамасыз ететін халықаралық-құқықтық нормалардың маңыздылығына тоқталып кетті. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун жақында болған іссапармен Қазақстанға келіп, 90-жылдарында мемлекеттің ғаламдық қарусыздануға қатысты жасалған іс-әрекетінің негізінде барша мемлекет басшыларын, соның ішінде ядролық державалардың басшыларын Қазақстаннан үлгі алуға үн тастайды: «Қазақстан ядролық қарусыздануда ерекше артықшылығын аңғартуда. 1991 жылы Президент Н. Назарбаевтың Семейдегі ядролық полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартуы — үлкен ерлік. Бұл қадам көрегенділік... нағыз тәуелсіздікті жариялау», — деп [7], еліміздің саясатына үлкен сенімін артып отыр. Бұл — Қазақстанның жаһандық ядролық сынға қарсы жұмсап отырған күш-жігерін және республикамыздың өмірге қауіпті қарудан әлемді босатуға қосып жатқан үлесін мойындағанының айқын белгісі.

Қазіргі қоғамдастықтың басты мәселесі дүниежүзілік қауіпсіздік болғандықтан, оның мәні бірнеше мемлекеттердің мүдделерінен бірыңғай, ортақ мәселесі ретінде шығу тиісті екені белгілі. Еуропалық қауіпсіздік Хартиясында бекітілген ережелері арқылы келесі тұжырымға келуге болады: кез келген мемлекеттің, халықаралық механизмнің мақсаты — қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы мақсатта Стамбулда ДОВСЕ келісімге қол қойылды және ЕҚЫҰ қабылданған Жалпыға бірдей қауіпсіздік концепциясының орталық әрі басты құраушы тетіктері ретінде адам құқықтары мен оның бостандықтарын құрметтеу, заңның басымдылық принципі мен демократиялық кеңістігін құрудың негізінде өңірдегі мемлекеттердің татулықта, еркіндікте және толық қауіпсіздікте өмір сүруі көзделген. Бұл Хартияда қабылданған тармақ ережелерінен туындайды [5].

Негізінен ұйымның мүшесі болу және еуропалық қатынастарға қатысу үрдісі Қазақстан үшін еуропалық қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын қалыптастыруда тең негізде атсалысуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, өз аумағындағы татулықты сақтап қалуға және оны нығайтуға септігін тигізеді. Қазақстандағы әр түрлі діни ағымдардың болуына қарамастан, өзінің бейбітшілігімен, саяси және қоғамдық тұрақтылығымен ерекшелінеді.

Ұйымның қызметін нығайту үшін қабылданған бұл негізгі құжат қатысушы-мемлекеттердің БҰҰ-ның Жарғысында, Хельсинки Қорытынды Актісінде бекітілген принциптерді іс жүзінде жүзеге асыру арқылы бірегей құжаттың түрі болып атанды.

Тарихтың беттерінен білетініміздей, Қазақстан Республикасы жалпыеуропалық кеңестің толық құқыққа иелі мүшесі болу арқылы кеңестің халықаралық ұйымға айналу сияқты ұйымның маңызды деген мәселелеріне қатысуға мүмкіндік алды. Жоғарыда аталған құжаттарды қабылдауда өз үлесін қосуға септігін тигізді. Осымен тоқталмай, мемлекеттің сыртқы саясатты, қауіпсіздікті дамытудағы басты жайттарының бірі ретінде оның еуропалық процестерге одан әрі интеграциялау процесін жатқызуға болады, бұған ешбір күмәндық жоқ. Бұл ретте Еуропалық кеңістіктегі мәселелеріне енудің келесі қадамы болып, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ына төрағалық ету бастамасы болып табылады.

ЕҚЫҰ мен Қазақстан Республикасы арасындағы төрағалық етудің құқықтық-келісімдік ынтымақтасу іргетасы ретінде «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламасы табылады. Мемлекеттік бағдарлама-құжат мемлекеттің ішкі міндеттерін шешу, еуропалық бағытында еліміздің ұлттық негізінде даму, әркілі саладағы ынтымақтастықты тереңдету үшін Елбасының ұсынысы бойынша ҚР Сыртқы істер министрлігімен қабылданды.

Бағдарламаны іске асыру процесі кейінгі демократиялық реформаларды және ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестиция көздерін тарту, серіктестік деңгейіне шығу, ұлттық заңнама жүйесін жетілдіру іспеттес мәселелерді еуропалық мемлекеттермен бірге шешуді көздейді. Ол Еуропаға жетелейтін жол, көпір ретінде өз көрінісін табады. Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін Қазақстан Республикасы бірқатар даму бағыттарын айқындайды, оның бірі ретінде технология, энергетика (отын), транспорт, шағын және орта бизнес пен білім салаларындағы ынтымақтастықты дамыту әрі нығайту бағыты кіреді [8]. Бұл ретте Қазақстан өз кезегінде еуропалық стандарттарға сай дамуын көздейді.

Екінші кезекте мемлекеттегі құқықтық базасын еуропалық мемлекеттердің тәжірибелерінің негізінде жетілдіру сатысы жатқызылады. Еуропалық үрдіске ену мақсатын іске асыру бағытында 2009 жылы 9 ақпанда ҚР Парламенті 1995 жылғы «Сайлау туралы» Конституциялық заңына

өзгерістер мен толықтыруларды енгізді. 20-дан аса енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сайлау заңнамасын ұйымдастыру мен жетілдіру мақсатымен қабылданды.

Мәселен, Жалпы ережелерді қамтитын 4-баптың 4-тармағындағы Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша мәслихаттардың депутаттағына кандидат пен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайтын шарттардың ұғымы екі тармақшаға бөлініп кеңейтілді. Бірінші тармақша сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам болса, екінші тармақша сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам жоғарыда аталған лауазымдық түрлеріне кандидат бола алмайды деген толықтырумен толыға түсті. Бұл сыбайлас жемқорлықты азайту мен оны реттеу мақсатында жасалған болатын.

Конституциялық заңның 12-бабында республиканың орталық сайлау комиссиясының өкілеттіктеріне Президентті, Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылықты жүзеге асыру; олардың шешімдерінің күшін жою және тоқтата тұру; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөлу; сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылау; аумақтық және округтік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарау жатқызылады, Конституциялық заңға енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес республикалық сайлау комиссиясы сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастыру өкілеттілігімен; саяси партиялардың өкілдерімен сайлауды ұйымдастыру мен өткізу семинарларды өткізу үрдісі сайлау процесіне басқа да қатысушылармен өткізіледі деген өзгеріспен толықтырылды. Яғни республикалық сайлау комиссиясы сайлау туралы заңнамасын түсіндіруімен де айналысатын бірден-бір органға айналды.

14-баптың 2–1-тармақшасы аумақтық сайлау комиссиясының өкілеттіктерін кеңейтуімен ерекшеленеді. Мұнда партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың ғана емес, сонымен қатар Президенттікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркейтін өкілеттіктері де кіреді.

19-баптың 7-тармақшасында сайлау комиссия мүшесінің жауапкершілігі конституциялық негіздерге дейін күшейтілген. Мұндағы «лауазымдық өкілеттігін бірнеше мәрте бұзған немесе міндеттерін тиісінше орындамаған» деген сөздер «немесе осы Конституциялық заңның талаптарын бірнеше мәрте бұзған» жағдайда деген сөздермен толықтырылып, аталып кеткен тәртіп бойынша комиссия мүшесі өзінің лауазымын атқарудан босатылады. Әрине, комиссия мүшелерінің жауапкершілік негіздерін күшейту арқылы сайлау жүйесін одан әрі демократияландыруға жол ашып береді.

23-баптың 5-тармағында тиісті әкімдер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде учаскелерді құрған кезден бастап жеті күн мерзім ішінде хабардар етеді, жаңадан енгізілген өзгеріс бойынша тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін ғана жеті күн мерзім ішінде сайлаушыларды әр сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар ететін болады. Яғни сайлаушыларды сайлау учаскелерінің орналасатын жері жөнінде хабарлауға өкілетті әкімдер сайлау процесін жария еткен кезден бастап қана құқылы.

26-баптың 3-тармағы «Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс кестесін, дауыс беру күнін қоспағанда, тиісті аумақтық сайлау комиссиялары айқындайды» деген мазмұнындағы мәтінмен толықтырылды. Бұл аумақтық сайлау комиссиясына жатқызылатын барлық учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын реттеуге, бір орталыққа жүйелендіруге мүмкіндік береді.

1995 жылғы «Сайлау туралы» Конституциялық заңы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау кандидаттары жөнінде ақпаратты таратуға құқығы айқындалмаған болатын.

27-баптың 7-тармағына енгізілген жаңа толықтырудың негізінде «Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспасөз бетінен орын, эфир уақытының көлемі бойынша бірдей таратуға міндетті» болды [9]. Әрине, осы толықтырудың нәтижесінде сайлау жүргізу механизмінің нығая түсіп артқанын байқауға болады.

Қорытындылай келе, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Конституциялық заң сайлау комиссияларының (орталық, аумақтық, учаскелік) жұмыстарын жүйелендіреді, мәселен, Орталық сайлау комиссиясы сайлау заңнамасын түсіндіруімен, ал Аумақтық комиссиялары учаскелік комиссиялардың жұмыс кестесін айқындаумен айналысады. Аталған Конституциялық заңның нормативтік ережелері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау компаниялары туралы жария

етілетін барлық ақпарат көзі бәріне тең негізде таратылатынын анықтайды. Сонымен қатар Конституциялық заң ҚР Парламенті Мәжілістің кемінде екі саяси партияның қатысуымен құруын қамтамасыз ететін және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық пен қылмыстарды жасаған адамдардың сайлау процеске қатысуын болдырмайтын құқықтық механизмді енгізеді.

1999 жылы 23 шілдеде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылы 10 шілдесінде қабылданған өзгерістер мен толықтырулармен толықтырылып, заңнаманы жетілдіреді, БАҚ пен журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін, бостандықтардың негіздерін кеңейтеді және нығайтады.

Мәселен, Заңның 2-бабы сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығының мәніне тоқталады. Мұндағы 3-тармақ насихаттауға жол берілмейтін бұқаралық ақпарат көздерінің түрлеріне тоқталып кетеді. Жаңадан енгізілген өзгеріс пен толықтыруына сәйкес 2-баптың 3-тармағы қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға жол берілмейтін өзгеріспен толықтырылады. Өзіміз білетіндей, ҚР Конституцияның 20-бабында қатыгездікті, зорлық-зомбылықты насихаттауға немесе үгіттеуге болмайды деп көрсетілген. Осы мақсатта жоғарыда айтылған өзгеріс қабылданып, қолданысқа енді. Сонымен қатар қосымша 4-тармағын қосу арқылы сөз, ақпаратты тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының қолданылу шарттары қарастырылған, яғни бұқаралық ақпарат құралын әкімшілік құқықбұзушылықтар не қылмыстық жазаланатын әрекеттер жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейтін негіз анықталды.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңындағы 3-баптың 3-тармағының 2-тармақшасы толығымен өзгертілді: мемлекеттік тілдегі хабарларды телевизиялық және радиобағдарламаларында тарату мерзімі алты сағаттан кем болмайтын уақыты нақты белгіленді. Бұл «мемлекеттік тілдегі бағдарламаларды таратудың тәуліктік кестесін орналастыру хабарлар эфирге шығатын бүкіл кезең ішінде біркелкі жүзеге асырылуы тиіс» талаптың орындалмауынан тікелей туындаған болатын.

Жаңадан енгізілген өзгерістерге сәйкес 2-тараудағы 5-баптың 1-тармағы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға тек мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлігі ғана емес, сонымен қатар телевизия және (немесе) радиобағдарламаларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия да негіз болып табылады.

11-баптың 2-тармағы бұқаралық ақпарат құралдардың тілдері дегенде, оларды мерзімді баспасөз басылымы, ақпарат агенттік материалдары мен хабарларының тілі деп нақты бөліп жіктеу арқылы БАҚ-тың мәнін ашады.

18-баптың 3-тармағы сұралып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуға бұқаралық ақпарат құралы өкілінің мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтар құқығына қысым жасайтын заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға арналған заңда көзделген тәртіппен жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға, не сотқа бірден шағым жасап сот әділдігіне жүгінуге болу мүмкіндігін айғақтайды [10].

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңы мен «Сайлау туралы» Конституциялық заң сияқты «Саяси партиялар туралы» Заңның да қазақстандық құқықтық жүйесіндегі орны ерекше. ҚР-ның заңнама жүйесі демократиялық, ашық сайлауды жүргізу мен бәсекелестіктің оңды шарттарын қалыптастыру және азаматтардың тең құқықтық негізде дауыс беруін қамтамасыз ету үшін аталған үш заңның механизмдерін нығайтып жандандыру тиіс. Осы мақсатта ҚР Парламенті сайлау процесін еуропалық стандарттарға жақындап, демократияландыру үшін сайлау туралы Конституциялық заңына, сайлау компаниялары жөніндегі қажетті ақпаратты сайлаушыларға жеткізу мен тарату үшін бұқаралық ақпарат құралдар туралы ҚР-ның Заңына және 2009 жылы 6 ақпанда «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды енгізді.

«Саяси партиялар туралы» ҚР-ның Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруына сәйкес бұл Заңның 6-бабы саяси партияларды құруды ұйымдастыруымен толықтырылды. Мысалы, саяси партияның құрылтай съезін дайындау мен өткізу үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамашы тобы мүшелерінің қатарынан құрамында кемінде он адам болатын ұйымдастыру комитетінің функциялары мен жұмыс атқарудың тоқталу негіздері анықталды. Ұйымдастыру комитеті делдалдық қызметті атқарушы ретінде тіркеуші органға саяси партияның болжалды атауы, орналасқан жері, ұйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін қалыптастыру мен пайдаланудың болжалды көздері, саяси партия құру ниеті туралы және т.б. ақпаратты табыс етуге құқылы болып, саяси партияны ұйымдастырудағы атқаратын рөлі кеңейтілді. Қабылданған өзгерістер мен толықтырулар бойынша 6-баптың 5-тармағында ұйымдастыру комитеттің қызметке кірісу

уақыты көрсетілген, ол тіркеуші органға саяси партияларды құру жөнінде қажетті ақпаратты тапсырып, оны растайтын растама құжатын бергеннен кейін ғана өз қызметіне кірісуге құқылы болады екен. Жалпы ұйымдастыру комитеттің қызметі растама берілген күннен бастап екі айдың ішінде саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) өткізуге бағытталған ұйымдастырушылық және ақпараттық-насихаттық шараларды жүргізу іс-әрекеттерінен тұрады. Сондықтан саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер ұйымдастыру комитетімен құрылған және ұйымдастырылған құрылтай съездерінде не конференцияларда қабылданады. Конституциялық заңына енгізілген осындай өзгерістер саяси партияны құрудағы ұйымдастыру комитетінің маңыздылығын ашып беруімен бірге, белгілі тәртіп бойынша жұмыстың тоқтатылуын белгілейтін негіздерін де қарастырады. Оларға тіркеуші орган растама берген күннен бастап алты ай өткен; саяси партия мемлекеттік тіркелген; саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартылған кезде; немесе азаматтардың бастамашы тобының шешімі бойынша деген осы жағдайлардың бірі туындаған кезде ұйымдастыру комитеті өзінің қызметін тоқтатады.

10-баптың 2-тармағы саяси партияның құрылтай съезін өткізгеннен кейін тіркеуші органға мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттардың табыс етілетін мерзім аралығын екі айдан төрт айға дейін уақыт шегін ұзартты. Мұндағы 8-тармақ мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздемелерімен толықтырылады. Мәселен, мемлекеттік тіркеу мерзімінде үзіліс жасауға себеп болған негіздемелер жойылған кезде тіркеуші орган саяси партияны мемлекеттік тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Заңның 14-бабы саяси партияны қайта ұйымдастыру мен тарату ережелерін қамтиды. Өз қызметін тоқтатқан саяси партияның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) саяси партияның жоғары органының қайта ұйымдастыру (тарату) туралы шешімінің негізінде тіркеуші органда есептік тіркеуден шығарылуға жатады немесе қайта ұйымдастырылғаннан кейін жаңадан құрылған саяси партияны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзім өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Заңның 18-бабы бойынша саяси партияны қаржыландырудың көзі ретінде бюджет қаражаты қарастырылған. Осы мақсатта саяси партияларға бөлінетін бюджет қаражаты жыл сайын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде бөлініп тұрады, аталған бюджет қаражатының мөлшері республикалық бюджет туралы заңда айқындалып отыратын болады. Ал саяси партияларды қаржыландыру тәртібін ҚР Орталық сайлау комиссиясы айқындайды. Мұндай толықтырулар 18–1-тармағында көзделген [11]. Қазақстанның Еуропаға жол салдырудың келесі, үшінші, даму сатысы еліміздің ЕҚЫҰ-нда төрағалық ету кезімен тұспа-тұс келеді.

Демек, «Еуропаға жол» атты құжат ұлттық құқықтық негіздерді еуропалық деңгейге дейін дамыту мен ынтымақтасу маңыздылығымен ерекшелінеді десек, қателеспейміз. Ұйымның төрағасы Қ.Саудабаев 2009 жылы Астана қаласында өткен конференцияда «Еуропаға жол» атты бағдарламасының түпкі негізін келесі сөздермен айқындайды: «Бұл қазақстандық-еуропалық ынтымақтасудың іргетасы, ал оның нәтижесі Еуропа елдерімен жаңа сапалы қарым-қатынасты орнатуға жетелейді», — деп [12], ойын білдірген. Әрине, әлемдік, оның ішінде еуропалық стандарттарға сай дамуына ұмтылатын қатысушы-мемлекеттердің өзара тығыз қарым-қатынасы, ынтымақтастығы бір, ортақ мақсатқа жетелеп тұрады: еркін экономикалық және қауіпсіздік кеңістікті құру, ынтымақтастықты нығайту. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-нда төрағалық етудің ұстанымы да осы үш өлшем бойынша жұмысты атқаруды нығайтуды барынша жалғастыру болып саналады.

ЕҚЫҰ-ның басты механизмдері Қазақстан үшін дамудың негізгі бағыттары болып саналады. Сондықтан халықаралық құқықтың қағидалары мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ету барлық мемлекеттер үшін қажетті ұстанымдар болып табылады. Осы уақытқа дейін Қазақстан өз заңнамасын жетілдіру мақсатында бірқатар халықаралық құжаттарға қосылды. Оларға Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт, Экономикалық, қоғамдық және мәдени құқықтар бойынша Халықаралық пакт, бала құқықтары, әйел адамдардың саяси құқықтары, босқындардың мәртебесі және т.с.с. БҰҰ Конвенциялары жатқызылады.

Бүгінгі таңда ұйымның төрағасы ретінде Қазақстан Республикасының және барлық мүше-мемлекеттердің міндеті ЕҚЫҰ-ның қызметін жетілдіру мен оның халықаралық-құқықтық базасын қалыптастыру болып табылады. ЕҚЫҰ отыз бес жыл бойы халықаралық қатынастардағы дауларды, қауіп-қатерді шешіп отырған маңызды орын алатын ұйым болғанымен, оның жарғылық құқықтық базасы толық қалыптастырылмаған. Осы бағытта қатысушы-мемлекеттер ЕҚЫҰ-ның Жарғысын қабылдау мен оның құқықтық мәртебесін анықтап алуды алда уақытта көздейді.

Әдебиеттер тізімі

1. 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңымен енгізілген өзгерістермен). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.
2. 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды Актісі // К председателству Казахстана в ОБСЕ: Сб. документов и материалов / Под общ. ред. Б.К.Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. — 338 с.
3. Международное публичное право: Учеб. / Под общ. ред. К.А.Бекашева. — 5-е изд., перераб. и доп. — М.: Проспект, 2009. — 1008 с.
4. Ынтымақтасудың негізінде қалыптасқан қауіпсіздік платформасы // К председателству Казахстана в ОБСЕ: Сб. документов и материалов / Под общ. ред. Б.К.Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. — 338 с.
5. 1999 жылғы Еуропалық қауіпсіздік Хартиясы // К председателству Казахстана в ОБСЕ: Сб. документов и материалов / Под общ. ред. Б.К.Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. — 338 с.
6. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан: Моногр. — Алматы: КазГЮА, 2001. — С. 4.
7. Визит в Казахстан Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна <http://www.osce2010.kz>
8. 2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарлама <http://www.government.kz>
9. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (2009 жылы 9 ақпанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.
10. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (2009 жылы 10 шілдеде енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.
11. «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы (2009 жылы 6 ақпанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.
12. Выступление Госсекретаря РК К.Б. Саудабаева на конференции «Современный Казахстан и «Путь в Европу» (г. Астана, 21 мая 2009 г.) // К председателству Казахстана в ОБСЕ: Сб. документов и материалов / Под общ. ред. Б.К.Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. — 338 с.

УДК [346.22:340.11]:336.22

Обеспечение партнерских отношений государства и гражданина в области налогообложения

Дауешова А.Е.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Жалпы мәдениеттің, оның ішінде салық мәдениеттіліктің де негізгі элементтерінің бірі субъектер арасындағы қатынастар болып табылады. Біздің елімізде мұндай субъектілер болып мемлекет атынан әрекет ететін органдар мен салық төлеушілер есептеледі. Мүдделердің қақтығысы, кез келген демократиялық қоғамда салық жүйесінің жетілдеруінің негізгі мәселелері ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

One of basic elements of culture, as a whole and tax culture attitudes between subjects, in particular, are. In our case as such subjects act the state on behalf of the bodies on the one hand and tax bearers on the other hand. In any more or less democratic society the effect of optimization of a variant of tax system during each given moment of development of a society should create collision of interests.

В любом государственно-организованном обществе право выступает в качестве социально-нормативного регулятора общественных отношений. Однако в зависимости от сущности общественного строя роль его меняется. Так, в докапиталистических антагонистических общественно-экономических формациях право, выражая возведенную в закон волю господствующего класса, является одновременно и орудием господства, угнетения, эксплуатации одного класса другим. Не изменяется в социально-позитивную, цивилизованную сторону его роль на ранних стадиях капитализма, на всех этапах развития государства тоталитарного типа.

Вместе с тем на высшей стадии капитализма, на этапе «загнивания», упадка, дряхления любого антидемократического, антинародного политического режима, борьба передовых слоев общества за